

Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 827 Қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 162 б ұ й р ы ғ ы .

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 2-тармағының 20) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.

Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 18 шілдедегі
№ қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 2-тармағының 20) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде және кеме қозғалысын басқару қызметтерінің (бұдан әрі – КҚБК) іс-қимылдары аймақтарында кемелердің жүзу және тұрақта тұру тәртібін айқындайды.

2 . О с ы Қ а ғ и д а :

- 1) порт акваториясы шегінде және оған кіреберістерде жүзуді;
- 2) кемелердің портқа кіруін және олардың порттан шығуын;
- 3) кемелердің портта тұруын;
- 4) порт акваториясында кемелердің жүзуі және тұрақта тұруы кезінде құрылыстардың қауіпсіздігін және сақталуын қамтиды.

3. Кемелер теңіз порттары акваториясында және оларға кіреберістерде жүзген және тұрақта тұрған кезде осы Қағиданың ережелері және Кемелердің теңізде соқтығысуының алдын алу халықаралық ережесін (бұдан әрі – КҚАХЕ-72) ескере отырып, порт бойынша міндетті қаулылар сақталады.

4. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) арнайы жұмыстармен айналысатын кеме – мина қаупін жоюмен айналысатын кемелерді қоспағанда, теңізде мұнайдың төгілуін жоюмен, су асты кабельдерін жүргізумен немесе көтерумен, навигациялық белгілерді қоюмен немесе алумен, гидрографиялық, су асты немесе басқа да арнайы жұмыстармен а й н а л ы с а т ы н к е м е ;

2) кемелік рөл - кеме келген және кеткен кездегі экипаждың саны мен құрамы туралы мәліметтерден тұратын кеме құжаты.

3) порт бойынша міндетті қаулы - Порттың теңіз әкімшілігі портта қозғалыс қауіпсіздігі, меншікті, қоғамдық тәртіпті қорғау, санитарлық және өртке қарсы іс-шараларды өткізу мәселелері бойынша шығаратын бұйрықтары, өкімдері;

4) теңізде жүзушілерге жіберелетін хабарлама - навигациялық карталарды, теңізде жүзу үшін әдістемелер мен нұсқауларды түзету жөніндегі гидрографиялық деректердің өзгерісін қамтитын құжат;

5) сыртқы рейд – теңіз портына кіреберістерде арнайы бөлінген және кемелердің тұрақта тұруына, қызмет көрсетуге және оларды ресімдеуге арналған с у к е ң і с т і г і .

Осы Қағидада сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұғымдар пайдаланылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 534 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Порт акваториясы шегінде және оған кіреберістерде жүзу тәртібі

5. Порт акваториясы шегінде және оған кіреберістерде жүзу кезінде белгіленген қозғалыс жолдарын ұстану, әскери корабльдермен және су түбін тереңдету кемелерімен айырылысатын жер ерекшеліктерін ескеру және жүзу режимі туралы кемелерді хабардар ету жүзеге асырылатын корабльдердің, брандвахталардың және жағалау посттарының ерекшелік сигналдарын білу керек. Кемелердің портқа кіруі мен порттан шығуын реттейтін сигналдар Қағидаға 2-қосымшада көрсетілген.

6. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында болған және шетел кемесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтерген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы фок мұнарасы (сигнал беру мұнарасы) реясының оң жақ нокінде көтеріледі.

7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болған кезде шетел кемесіне Қазақстан Республикасының аумақтық суларына кіру және оларда жүзу мүмкіндігі беріледі.

8. Егер порт бойынша міндетті қаулылармен өзгеше көзделмесе, онда портқа кіретін немесе өзен фарватері бойынша ағысқа қарсы жүзетін кеме ағыс бойынша жүзген немесе порттан шығатын кемеге жол береді. Ағысқа қарсы жүзген немесе портқа кіретін кеме:

1) басқару және маневрлеу мүмкіндігі шектеулі болған және КҚАХЕ-72 27 ережесіне сәйкес шамдар мен белгілерді алып жүрген;

2) өз шөгуімен ығыстырылған және КҚАХЕ-72 28 ережесіне сәйкес сигналдар берген жағдайлар ерекшелікті құрайды.

9. Қарсы бағыттардан екі кеме тар орынға, бұрылысқа немесе бір тұстамадан екінші тұстамаға өткен орынға жақындаған кезде осындай жерден екі кемең бір мезгілде өтуі мүмкін болмағанда немесе қауіпті болғанда, онда басқа кемеге жол беруге міндетті кеме алдыңғысының одан қауіпсіз қашықтықта тұрып, бұрылуды аяқтауына мүмкіндік беруі тиіс.

10. Тар жерлерде арнайы және су түбін тереңдету жұмыстарымен айналысатын кемелерден алшақтау олардан еркін өту мүмкіндігі туралы растау алғаннан кейін жүзеге асырылады.

11. Арнайы жұмыстармен айналысқан кемеге жақындаған кезде онымен алдын ала УҚТ бойынша байланыс орнатылады және бұдан әрі КҚАХЕ-72 27

ережеге сәйкес әрекет ете отырып, бұл ретте КҚАХЕ-72 6 ережеге сәйкес қауіпсіз қашықтық пен жылдамдықты сақтай отырып, қауіпсіз өту келісіледі.

12. Порт жөніндегі міндетті қаулылармен белгіленген жылдамдық шегіне карамастан, қауіпті толқын көтерілуін болдырмау үшін капитан алдын ала к е м е н і ң ж ы л д а м д ы ғ ы н :

- 1) тіркеп сүйреу керуендері мен шағын өлшемді кемелерден алшақтағанда;
- 2) жүзу крандарының, дебаркадерлердің, жүзу доктарының, қайта тиеу және басқа да арнайы жұмыспен айналысқан құю кемелердің жанынан өткенде;
- 3) зәкірде немесе қайраңда тұрған кемелерді айналып өткенде;
- 4) су асты, гидротехникалық және басқа арнайы жұмыс орындалатын жерден ө т к е н д е ;
- 5) су түбін тереңдету кемелерін айналып өткенде;
- 6) айлақта, кеме бортында жұмыс істейтін адамдары бар салдар мен шлюпкалардың маңынан өткенде азайтады.

13. Су асты қанаттары бар кемелерге көрінім 5 кабельт және одан төмен болған кезде фарватерлер мен каналдар бойынша тек су ығыстырғыштық жағдайларында қозғалуға рұқсат етіледі.

14. Каналда немесе фарватерде кеме мені зәкірге қою мынадай:

- 1) одан әрі қозғалу анық қауіп төндіргенде;
- 2) техникалық бұзылу салдарынан кеме тоқтауға мәжбүр болғанда;
- 3) өту жолын басқа кемелер жауып тұрған жағдайда жүзеге асырылады.

15. Фарватерде және каналда зәкірге тұруға (немесе айлақтық бағаналарға арқандап байлануға) мәжбүр болған кеме менің капитаны кемелер қозғалысын басқару орталығына (пост) бұл туралы қолда бар байланыс құралдарымен жедел х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

Хабарламада кеме менің атауы, кеме менің зәкірге (арқандап байлау) қойылған уақыты, орны мен себептері, сондай-ақ тұру ауданында қозғалыстың қаншалықты дәрежеде қиындағаны туралы мәліметтер көрсетіледі.

16. Порт суларында кемелерді тіркеп сүйреуге басшылық етуді порт капитаны қызметі жүзеге асырады және порт жөніндегі міндетті қаулылармен р е г л а м е н т т е л е д і .

17. Тіркеп сүйрету басталғанға дейін оның басшысы тіркеп сүйреу операциясына қатысатын кемелер капитандарымен бірлесіп, оны жүргізу тәртібін келіседі. Егер тіркеп сүйреу лоцмандық алып өтумен жүзеге асырылса, онда оны жүргізу тәртібін келісуге лоцман да қатысады. Барлық туындаған мәселелер мен келіспеушіліктерді порт капитаны шешеді.

18. Тіркеп сүйрейтін кемелер қозғалтқыштарының қуаты мен икемділік сапасы сүйретін жүзу керуенінің сенімді басқарылуын қамтамасыз етпесе (жел мен ағысты ескергенде) тіркеп сүйреу жүргізілмейді.

19. Кемелер тез тұтанатын мұнай өнімдерімен құйылмалы жүктелген жағдайда лагпен сүйретіп жүзу жүргізілмейді, сондай-ақ бір тіркеп сүйрегiшпен бір уақытта мұнай өнімдерімен құйылмалы жүктелген бірнеше кемелер тіркеп сүйретілген болса, тіркеп сүйреу жүргізілмейді.

20. Порт акваториясы бойынша жүзіп сынауға кеме жатқан келе жүзіп сынау ауданына осы кемең қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін тіркеп сүйрегiштермен а л ы п ж ү р і л е д і .

21. Өздігінен жүретін кемеңі оның бортынан арқандап байлаудан босатылған жүзу құралдарымен тіркеп сүйреу жүргізілмейді.

22. Тіркеп сүйрейтін кеме тіркеп сүйретілетін кемедегі жұмыстан тіркеп сүйреу басшылығының командасы бойынша ғана босатылады.

Тіркеп сүйрететін кемеңі төңкеріліп кету қаупі тікелей төнген жағдайда ғана тіркеп сүйретілетін кемедең команда берілместен тіркеп сүйреу арқаны т а с т а л а д ы .

§ 1. Кемелерді мұзжарғыштармен алып өту тәртібі

23. Қысқы уақытта теңізде мұз жататын порттарда навигацияның басталуы мен аяқталуын Порттың теңіз әкімшілігі жариялайды.

24. Мұздардан кемелерді алын өтуді, сондай-ақ мұзжарғыштар мен тіркеп сүйреу кемелерінің барлық басқа жұмыстарына басшылық етуді Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады. Порттың теңіз әкімшілігі портқа кіреберістегі мұз жағдайы туралы кемелер капитандарына хабарлайды, ал мұздан алып өтуге өтінім болғанда - мұзжарғышпен кездесу орнын және алып өту кезегін х а б а р л а й д ы .

25. Портта мұз арқылы кемеңі мұздан алып өтуге өтінім портта порт бастығына, ал теңізде мұзжарғыш капитанына жолданады.

26. Порт бойынша міндетті қаулыларда өзгеше мерзімдер белгіленбесе, кеме мұз шетіне жақындағанға дейін 48, 24, 12 және 4 сағат бұрын барлық мұзжарғышпен қамтамасыз етудің түрлеріне өтінімдер беріледі.

27. Мұзжарғышпен алып өтуге біліктілік қоғамының мұздық сыныбы, мұздан өту үшін жеткілікті отын мен тағам қоры, ағаш білеулер, тез қататын цемент, пластырь маттар және басқалары бар кемелер жатады. Кемеңі су төгу құралдары мен кемеңі қабылдағыш радиоқондырғылар кемеде жарамды ж а й - к ү й д е б о л у ы қ а ж е т .

Осы шарттар орындалмаған кезде, сондай-ақ кемеде уәкілетті орган немесе біліктілік қоғамы белгіленген тәртіппен берген жүзуге жарамдылығы туралы куәлігі және басқа да кеме құжаттары болмаса, порт капитаны, ал мұзжарғыш

порт шегінен тысқары өткен кезде мұзжарғыш капитаны кемеңі теңізге шығарудан немесе оны портқа кіргізуден бас тартады.

28. Мұзжарғышпен алып өткен кезде бірін-бірі басып озбай, бірінен соң бірі мұзжарғышқа ілеседі және дереу артқа толық шегініс жасауға дайын, бұл ретте руль "Тіке" жағдайында болады.

29. Мұзда мұзжарғыштың тіркеп сүйреуінде келе жатқан кеме өз қозғалтқышын мұзжарғыш капитанының айрықша бұйрығынсыз қоспайды. Кеме мұзжарғыш капитанының алғашқы талап етуі бойынша тіркеп сүйрегішті беруге, сондай-ақ толық кері шегініс жасауға дайын болуы тиіс.

30. Кемелердің мұз арқылы жүзу уақыты мен тәртібін, сондай-ақ бір мезгілде өткізілетін кемелер санын портта порт капитаны, ал теңізде - мұзжарғыш капитаны белгілейді.

31. Бірінші кезекте әскери кемелер, почта-жолаушылар кемелері және жеделдігі туралы айрықша нұсқаулар жасалған жүктері бар кемелер, ал сонан соң мұз шетіне келу кезегіне қарай немесе порттан шығу дайындығына байланысты барлық басқа кемелер өткізіледі.

32. Мұзжарғышқа ілесіп мұзда жүзіп келе жатқан кемеңің капитаны мұзжарғыш капитанының мұзда қозғалуға қатысты бұйрығына бағынады және соған байланысты іс-қимыл жасайды. Кеме капитаны мұз аймағынан бірлесіп тезірек және авариясыз өту үшін мұзжарғыш капитанына жәрдем көрсету үшін барлық өз іс-қимылын бағыттайды.

33. Мұзжарғыш капитанының өкімдерін осы мұзжарғыштың алып өтуімен келе жатқан кеме капитаны орындамаған жағдайда мұзжарғыштың капитаны кемеңі алып өткізуден бас тартады.

34. Мұзжарғышқа ілесіп мұзда жүзіп келе жатқан кемелер мұзжарғыштар мен алып өтетін кемелер арасындағы байланыс үшін қолданылатын Халықаралық сигналдарды осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес мұз операциялары процесінде пайдаланылуы мүмкін дыбыстық және өзге құралдармен, соның ішінде радио бойынша берілетін Қосымша сигналдарды басшылыққа алады. Мұзжарғыш немесе басқа кеме беретін кез келген сигналды мұзжарғышқа немесе сигнал берген кемеге жақын келген кемеден бастап жүйелі түрде соңында келе жатқан әрбір кеме қайталайды.

Осы сигналдар көмегімен берілетін мұзжарғыштың талаптарын кемелер жедел орындайды.

Авариялық жағдайда, керуенде келе жатқан кемелердің қозғалыс режимін жедел өзгерту қажеттілігі туындағанда, радиомен берілген "Жүрісті азайтыңдар", "Дереу кемеңі тоқтатыңдар" және "Менің машинам кері шегініске жұмыс істейді" деген командалар тиісті дыбыс сигналдарымен міндетті түрде қайталаыды.

§ 2. Кемелер қозғалысын басқаруды ұйымдастыру

35. Портқа кіреберісте және порт акваториясында кемелер қозғалысын басқару жүзеге асырылады. Кемелер қозғалысын басқаруды КҚБҚ немесе сәйкес порт капитанының қызметі жүзеге асырады.

Кемелерге қызмет көрсету мынадай кезекпен жүргізіледі:

- 1) авариялық кемелер, көмек көрсету үшін ілескен кемелер және бортында ауыр науқастары бар кемелер;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі теңіз бөлімшелерінің корабльдері (катерлері) мен кемелері;
- 3) кесте бойынша келе жатқан паромдар мен жолаушы кемелер;
- 4) тез бұзылатын жүктері бар кемелер;
- 5) сүйретілетін объектілері бар тіркеп сүйрететін кемелер;
- 6) қауіпті жүктері бар кемелер, соның ішінде газ-тасушы, химия-тасушы және мұнайқұю кемелері;
- 7) желілік кемелер;
- 8) өтінімдер түсу уақытына сәйкес басқа да кемелер.

36. КҚБҚ іс-қимылы аймағында жүзу ережелерін мүдделі ұйымдармен келісу хаттамасы ресімделгеннен кейін КҚБҚ-ға ие-ұйым басып шығарады. КҚБҚ іс-қимылы аймағында жүзу ережелері Порт жөніндегі міндетті қаулылардың құрамдас бөлігі болып табылады (оларға қосымшаларда берілген). Егер КҚБҚ іс-қимылы бірнеше порттардың акваториясын қамтыған болса, жүзу ережелері барлық осы порттардың міндетті қаулыларына кіреді.

37. КҚБҚ іс-қимылы аймағындағы кемелер қозғалысын кемелер қозғалысын басқару (бұдан әрі - КҚБ) орталығы және бекеттері реттейді.

38. КҚБ орталығы (посты):

- 1) КҚБ орталығы (посты) іс-қимылы аймағындағы кіреберістерде кемелерді табуды, кемелермен байланысты орнату, әрбір кеме туралы қажетті деректер тізбесін алуды;
- 2) кемелердің қозғалысына тұрақты радиолокациялық бақылауды, жағдайдың шиеленісуі немесе кемелердің ережелерді бұзған кезде кемелерге нұсқаулар беруді;
- 3) КҚБ орталығы (посты) іс-қимылы аймағындағы қозғалысты реттеуді, кемелердің арасындағы белгіленген жолдардың, жылдамдық пен қашықтықтардың сақталуын бақылауды;
- 4) зәкірге қоятын жерлерде кеме жағдайына радиолокациялық бақылауды;
- 5) кемелерге навигациялық жабдықтар құралдарының жұмысындағы өзгерістер туралы деректерді, гидрометеоақпарат, навигациялы-гидрографиялық

ақпарат беруді (қажеттілік туындаған кезде, сондай-ақ сұрау салу бойынша);

б) авариялық жағдайға әкелуі мүмкін іс-қимылдар немесе жағдайлар байқалған кезде кемелерге ақпараттар мен нұсқаулар беруді;

7) кемелерді радиолокациялық алып өтуді, онда КҚБ орталығының (посттың) лоцман-операторы алып өтетін кемеңі қабылданған координаттар жүйесіндегі оның орналасқан орны туралы тұрақты түрде хабарлайды;

8) кемелер, жағалаулық ұйымдар мен қызметтер арасында байланыс орнатуға жәрдемдесуді ;

9) КҚБ орталығының (посттың) іс-қимылы аймағында авариялық-құтқару, су түбін тереңдету, тіркеп сүйреу және басқа арнайы жұмыстарда жәрдемдесуді жүзеге асырады .

39. Кемелерді радиолокациялық алып өту кез келген көрінім жағдайында кемеңі өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

Жағалаудағы радиолокациялық станциялармен (ЖРСЖ) жабдықталған барлық порттар мен каналдар, егер КҚБҚ іс-қимылы аймағында жүзу ережелерінде өзге талаптар қойылмаса, 2 миль және одан төмен көзбен шолып көру кезінде міндетті радиолокациялық алып өту белгіленеді.

40. Радиолокациялық алып өту тәртібін КҚБ орталығының (посттың) операторы порт капитанымен алып өту басталғанға дейін келіседі.

Радиолокациялық алып өту процесінде кемелер КҚБ орталығынан (посттан) ақпарат алады және оған қолданылатын іс-қимылдар туралы хабарлайды.

Радиолокациялық алып өтудің басталуы мен аяқталуын КҚБ орталығы (посты) жариялайды .

41. КҚБ орталығының (посттың) іс-қимылы аймағында кемелер қозғалысы (аймаққа кіру, зәкірге қою, зәкірді көтеріп алу, айлаққа жақын келу және арқандап байлану және қашықтау, қайта арқандап байлану және басқалары) КҚБ орталығының (посттың) рұқсатымен жүзеге асырылады. Егер кеме КҚБ іс-қимылы аймағында жүзу ережелерімен белгіленген кезең ішінде рұқсат етілген іс-қимылдарды бастамаса, рұқсат жойылады және қайтадан сұратылады.

42. Орындау үшін :

1) қозғалыс кезегіне ;

2) қозғалыс бағыты мен жылдамдығына ;

3) зәкірге қою орнына ;

4) тікелей қауіптің алдын алу іс-қимылдарына қатысты КҚБ орталығының (посттың) нұсқаулары болып табылады.

Кеме КҚБ орталығының (посттың) нұсқауларын орындау мүмкін болмайтын барлық жағдайлар туралы, себептері мен өзінің одан арғы ниеті туралы хабарлайды .

43. КҚБҚ іс-қимылдары аймағына жеткенге дейін теңізден келетін кемелер

осы аймақтың қозғалысын реттейтін КҚБ орталығымен (постпен) ультроқысқа толқында радиобайланыс жасайды.

Кемелердің КҚБ орталығымен (постпен) байланысқа шығу үшін арналар мен шақыру белгілері КҚБҚ іс-қимылдары аймағында жүзу ережелерінде көрсетіледі.

44. Кеме КҚБ орталығымен (постпен) бірінші байланыс сеансы кезінде мыналарды :

- 1) кемеңің түрі мен атауын;
- 2) аймаққа кіру уақытын;
- 3) маневр жасау режиміндегі жылдамдығын;
- 4) мемлекеттік тиесілігін (туын), ал Қазақстан Республикасының кемесін - иесінің атауын;
- 5) баратын портын;
- 6) жалпы сыйымдылығы мен Өлшеу куәлігі бойынша негізгі өлшемдерін;
- 7) нақты шөгугін;
- 8) жүк түрі мен санын;
- 9) кеме радиолокациялық станциясының (бұдан әрі – РЛС) жай-күйі туралы мәліметтерді;
- 10) жүзу және маневр жасау қауіпсіздігіне әсер ететін шектеулер мен РЛС жарамсыздығы туралы ақпаратты хабарлайды.

45. КҚБ орталығының (посттың) сұратуы кезінде кеме өзін таныту мақсатында қандайда бір белгінің қасында өзінің орнын көрсетуге (әрбір жеке жағдайда нақты көрсетіледі) немесе таныту маневрлерін жасауға міндетті.

46. КҚБ орталығы (посты) кемеге өзінің іс-қимылы аймағына кіруге рұқсат береді, қозғалыс бағытын, зәкірге тұру орнын көрсетеді, сондай-ақ басқа қажетті мәліметтерді хабарлайды.

47. Бағыты бірнеше КҚБ орталығының (посттың) аймағы арқылы өтетін кеме әрбір аймаққа кірерде тиісті КҚБ орталығынан (посттан) оның аймаққа кіру үшін рұқсат сұрайды.

48. Айлақта немесе зәкірде тұрған кеме қозғалу басталғанға дейін ол аймақта орналасқан КҚБ орталығымен (постпен) радио немесе телефон байланысын құрады.

49. КҚБҚ іс-қимыл аймағында жүзу ережелері кемелердің белгілі бір түрлеріндегі, өлшемдердегі немесе тек белгіленген қозғалыс бағытпен келе жатқан және қосымша шарттарды орындайтын белгілері бар кемелерге жеке талаптар белгілеуі мүмкін. КҚБ орталығы (бекеті) осындай кемелердің белгіленген бағыттан тыс қозғалуына ерекше жағдайда ғана рұқсат етеді.

50. Кемелер басқа арна көрсетілмесе, аймағында болатын КҚБ орталығының (посттың) жұмыс арнасында тұрақты радиовахтаны (кезекшілікті) атқарады.

51. КҚБ орталығының (посттың) кемелермен радиобайланысы, сондай-ақ

ағымдағы радиолокациялық ақпарат құжатталады. Жазбалар үш күн бойы сақталады. Егер авариялық оқиға мен авариялық жағдайлар орын алса, жазбалар тергеу жүргізу аяқталғанға дейін сақталады.

52. КҚБҚ іс-қимыл аймағында жүзу ережелеріне мыналар қосымшалар р е т і н д е к і р е д і :

- 1) КҚБ орталығы (посты) іс-қимылдары аймағының схемасы;
- 2) жұмыс арналары мен шақыру белгілерін қоса алғанда КҚБ орталығымен (постпен) кемелердің байланысын ұйымдастыру схемасы;
- 3) КҚБҚ техникалық мүмкіндіктері туралы капитанға ақпараты.

3. Кемелердің портқа кіруі және порттан шығу тәртібі

§ 1. Жақындау туралы ақпарат

53. Кеменің баратын портына жақындауы туралы ақпаратты мынадай жағдайда: кеме капитаны Қазақстан Республикасының теңіз портына келе жатқан кезде - порт диспетчеріне, порт капитанына және қажет болған кезде басқа мекен жайларға береді.

54. Жақындау туралы ақпарат 48 сағат бұрын, екінші рет 24 сағат бұрын беріледі және жақындап келгенге дейін 4 сағат бұрын нақтыланады. Өту ұзақтығы кемінде 48 сағат болғанда - жөнелту портынан шыққаннан кейін 2 сағат шегінде белгіленеді.

Балық аулау кәсіпшілік флоты кемелерінің капитандары кәсіпті бітіру уақытын, сондай-ақ портқа жақындау уақытын 48 сағаттан кешіктірмей х а б а р л а й д ы .

55. Кеме порт акваториясында телеграфтық және телефондық радиостанциялардан басқа, ультрақысқа толқынды радиостанциялар мен спутниктік байланысы құралдарын пайдаланады.

56. Кеме капитаны (кеме иесі) жақындау туралы ақпаратта мынадай деректерді х а б а р л а й д ы :

- 1) кеменің атауын, оның туын, агент және иесінің атын;
- 2) жөнелту портын (соңғы кірген порты, кәсіп жасау ауданы, бұрғылау қондырғысы және басқалары);
- 3) кеменің ең үлкен ұзындығы;
- 4) кеменің басымен және артымен шөгуін;
- 5) экипаж мүшелері мен жолаушылар санын, егер болса, аурулардың санын;
- 6) жүк атауын, оның ерекше қасиеттерін, фумиганттың атауын (егер жүк кемеде фумигацияға ұшыраса), жүктің санын (массасын), жүктің кемеде: палубада, твиндекте, трюмде (толассыз трюмдер бар болғанда - әрбір люк

бойынша) орналасуын, ұзын өлшемді жүктердің бір орнының ұзындығы мен ауыр салмақта жүктердің массасын (3 т жоғары), ал жүк тиеуге бара жатқан танкер үшін - айлақ алдындағы балласт массасы мен балластан босату уақытын, бұрын әкелінген жүктің атауын;

7) жүк алушының атауын;

8) бункерге, тұщы суға, жабдықтарға қажеттілігін;

9) қосымша техникалық және жөндеу операцияларын орындау қажеттілігін, сондай-ақ мыналарға:

ल्याлды, балластық, шаруашылық-фекальды ағынды суларды және қатты қоқысты тапсыру үшін жинаушы кемеге;

тіркеп сүйрететін кемелер мен тіркеп сүйреу қызметіне;

мұз жаруды қамтамасыз етуге;

лоцманға өтінім береді.

57. Кеменің барар мекенжайы өзгергенде капитан алғашқы баратын портқа берілген өтінімдерді радиограммамен жояды.

58. Кеме капитаны өзінің жақындау туралы ақпаратында кеменің жүк қондырғыларының (механизмдерінің) ақаулары туралы хабарлайды.

59. Порттың диспетчерлік қызметі кеменің зәкірде тұрған, арқандап байланатын орны мен тиеу-түсіру немесе басқа жұмыстардың орындау тәсілі туралы кеменің портқа келуіне дейін 4 сағаттан кешіктірмей кемеге хабарлайды.

60. Мұз жаруды қамтамасыз ету өтінімінде кіру туралы ақпаратқа қосымша мыналар:

1) су сыйымдылығы;

2) бас қозғалтқыштың үлгісі мен қуаты;

3) мұздық сыныпталуы (мұздық бекітулердің бар болуы мен санаты);

4) кеменің мұздан алып өтуіне әсер ететін техникалық жай-күй ерекшеліктері;

5) есу винтінің материалы;

6) отын, су, азық-түліктің бар болуы және тәуліктік шығысы хабарланады.

61. Кемелердің ең болмаса біреуі газ-тасушы, химия-тасушы, мұнай құю кемесі немесе өзінің шөгуімен ығысып қалған, жарылу қаупі бар жүкті таситын кеме, сондай-ақ сүйреткіш керуен болып табылса, олардың портқа/порттан бір мезгілдегі кіруге және шығуға тыйым салынады.

§ 2. Келуді рәсімдеу

62. Кеменің портқа келуі Порттың теңіз әкімшілігінде шекаралық, кедендік, санитарлық және карантин талаптарын сақтай отырып келген сәтінен бастап 24 сағат ішінде рәсімделеді.

Кемеңің келуі жалпы декларация, кеме рөлі мен жолаушылар тізімі
ұсынылуы бойынша ресімделеді.

63. Шетел кемесінің капитаны портқа келген кезде қосымша мынадай
құжаттарды :

- 1) ту көтеріп жүзу құқығы туралы куәлікті (кеме патенті);
- 2) өлшем куәлігін;
- 3) жүк маркасы туралы халықаралық куәлікті;
- 4) жолаушылар кемесінің қауіпсіздігі туралы куәлікті;
- 5) жүк кемесінің конструкциясы бойынша қауіпсіздігі туралы куәлікті;
- 6) жүк кемесінің жабдықталуы мен жарақтандыруы жөніндегі қауіпсіздік
туралы куәлікті;
- 7) жүк кемелерінің телеграф радиобайланысы жөніндегі қауіпсіздігі туралы
куәлікті;
- 8) жүк кемесінің телефон байланысы жөніндегі қауіпсіздігі туралы куәлікті;
- 9) мұнаймен ластанудан келген залал үшін азаматтық жауапкершілікті
қамтамасыз ету жөніндегі куәлікті (2000 т артық мұнай таситын кемелер үшін);
- 10) теңіздің мұнаймен ластануын болдырмау туралы халықаралық куәлігін;
- 11) мұнай операцияларының журналын;
- 12) кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең аз экипаж құрамы туралы куәлікті
;
- 13) алып қою туралы куәлікті;
- 14) 1978 жылғы Теңізшілерді даярлау мен диплом беру және вахта жүргізу
туралы халықаралық конвенция талап ететін экипаж мүшелерінде болатын
дипломдар мен басқа біліктілік куәліктерін;
- 15) кемеңің санитарлық куәлігін;
- 16) дератизация туралы куәлікті;
- 17) дәрі егу туралы халықаралық куәлікті;
- 18) теңіз санитарлық декларациясын;
- 19) жалпы декларацияны;
- 20) жүк декларациясын;
- 21) экипаждың жеке заттары туралы декларацияны ұсынады.

Капитан кеден мекемесіне тасылатын жүктерге бар коносаментті және басқа
құжаттарды ұсынады.

64. Егер уәкілетті орган немесе басқа біліктілік қоғамы олардың техникалық
жай-күйін бақылауға жауап беретін қондырғылар немесе жабдықтар мен
механизмдер сынып, бүлінсе кеме капитаны портқа келген бойда осы жөнінде
жазбаша хабарлайды.

64-1. Порт құрылыстарының техникалық бейімсіздігіне және қауіпсіздік
талаптарына байланысты кемеңің портқа кіру мүмкіндігі болмаған кезде, порт

капитанының жазбаша рұқсаты және шекаралық, кедендік бақылау және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының келісімі бойынша кемең келуін ресімдеу порттың сыртқы рейдінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 64-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

§ 3. Шығуды ресімдеу

65. Кемең рейске шығуын ресімдеуді Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады. Ресімдеу кемеде уәкілетті орган немесе басқа біліктілік қоғамы берген кемең жарамды техникалық және теңізде жүзу жай-күйін растайтын құжаттары бар болған, сондай-ақ өрттен қорғау және санитарлық-карантиндік бақылау тарапынан кедергі болмаған кезде ғана жүргізіледі.

66. Кемең теңізге шығу дайындығын Порттың теңіз әкімшілігі тексереді.

67. Порттың капитаны кемең теңіз портынан шығуына мына жағдайларда:

1) кеме техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына с ә й к е с к е л м е с е ;

2) тиеуге, жабдықтауға, экипажды жасақтауға қойылған талаптар бұзылғанда немесе кемең жүзу қауіпсіздігін, ондағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін басқа да кемшіліктер, сондай-ақ теңіз ортасына залал келтіру қ а у п і б о л ғ а н д а ;

3) кеме құжаттарына қойылатын талаптар бұзылғанда;

4) тиісті мемлекеттік органдар (кедендік, шекаралық, санитарлық-карантиндік, фитосанитариялық және өзге) ұйғарым бергенде;

5) Теңіз портының міндетті қызмет көрсеткені үшін ақы, төленбегенде рұқсат б е р у д е н б а с т а р т а д ы .

68. Кемелерді порттан шығуға дайындағанда тексеру кезінде айқындалған барлық бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы Порттың теңіз әкімшілігінің өкілі инспекциялаушы адамдардың ескертулері және өкімдері журналына жазба жазады және акті жасайды. Кемең шығуын ресімдеу кезінде Порттың теңіз әкімшілігі өкіліне ескертулер жойылғаны туралы белгілер соғылған актінің д а н а с ы ұ с ы н ы л а д ы .

69. Кеме капитаны теңіз портынан шығуды ресімдеу үшін Порттың теңіз әкімшілігінің өкіліне:

1) жалпы декларацияны немесе шығу құқығына өтінішті;

2) кемелік рөлді;

3) экипаж мүшелерінің дипломдары мен біліктілік куәліктерін;

- 4) жолаушылар тізімін;
 - 5) теңізге шығу туралы санитарлық-карантиндік қызметінің рұқсатын;
 - 6) кемеңің порттан шығу құқығына өрттен қорғау куәлігін;
 - 7) ауытқымаушылық есебін;
 - 8) жүзуге жарамдылығы туралы куәлікті;
 - 9) өлшем куәлігін;
 - 10) жолаушы кемесінің қауіпсіздігі туралы куәлікті немесе жолаушы куәлігін;
 - 11) жүк кемесінің конструкция бойынша қауіпсіздігі туралы куәлігін, оның қосымшасын, ал танкер үшін - оған толықтыруды;
 - 12) жүк кемесінің жабдықтау мен жарақтандыру бойынша қауіпсіздігі туралы куәлігін, ал танкер үшін - оған толықтыруды;
 - 13) жүк кемесінің телеграфтық радиобайланысы бойынша қауіпсіздігі туралы куәлігін;
 - 14) жүк кемесінің телефон радиобайланысы бойынша қауіпсіздігі туралы куәлігін;
 - 15) мұнаймен ластанудан келетін залал үшін азаматтық жауапкершілікті қамтамасыз ету жөніндегі куәлікті (2000 т артық мұнай тасымалдайтын кемелердің);
 - 16) теңіздің мұнаймен ластануын болдырмау туралы халықаралық куәлігін;
 - 17) кемеңің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең аз экипаж құрамы туралы куәлігін;
 - 18) палубалық ауыр салмақты жүктерді қабылдау кезінде - олардың кемесінде бекітілу есебін немесе теңіз кемесінде ауыр салмақты және ірі көлемді жүктерді бекітуде қолданылып жүрген техникалық шарттардың (ережелердің) қолданыстағы үлгі схемаларына сәйкес бекіту туралы актіні;
 - 19) сусымалы жүктерді қабылдау кезінде - технологиялық режимдер карталары (бұдан әрі - ТРК) және Үлгілік тиеу жоспары (бұдан әрі – ҮТЖ) немесе дымқылдығы мен табиғи еңіс бұрышы көрсетілген жүк сертификатын;
 - 20) жүк маркасы туралы халықаралық куәлікті;
 - 21) біліктілік куәлігін;
 - 22) кемеңің конструкциясы мен жабдықтарының 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция ережелерінің (СОЛАС - 74) 1981 жылғы 54-тарауының 11-2-түзетулерінің талаптарына сәйкестігі туралы уәкілетті органның немесе өзге біліктілік қоғамының куәлігін;
 - 23) шетел кемесінің капитаны шығуды ресімдеу кезінде Порттың теңіз әкімшілігіне жалпы декларация мен конвенциялық құжатты ұсынады.
70. Тіркеп сүйретілетін кемеңің шығуы онда капитан басқаратын экипаж болған кезде осы Қағиданың 69-тармағына сәйкес ресімделеді. Тіркеп сүйретілетін керуеннің шығуын тіркеп сүйрететін кеме капитаны ресімдейді.

Тіркеп сүйретілетін әскери емес кеменің шығуын ресімдеу кезінде Порттың теңіз әкімшілігіне мыналар:

1) теңіз тіркеп сүйреулерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық;

2) өту жоспары;

3) тіркеп сүйреу желісінің сызбасы мен есебі ұсынылады.

Шектеулі жүзудегі кемелер мен объектілерді теңізде тіркеп сүйреу кезінде конструкторлық бюро әзірлеген және уәкілетті орган немесе өзге білікті қоғам мақұлдаған конверттеу, әртүрлі конструкцияларды, тіркеп сүйреу қондырғысының бекітпелерін, корпусты нығайту жүйесін және басқаларын ұсынады.

Тіркеп сүйреуді ресімдеу кезінде, сондай-ақ тіркеп сүйреушінің де тіркеп сүйретілетін кеменің де теңізде жүзу жай-күйін тексеру актісі тіркеп сүйретуге рұқсат етілетін жазбамен бірге ұсынылады.

71. Егер кеме табиғи құбылыстар немесе авариялық-құтқару жұмыстарына қатысуға порт капитанының бұйрығы бойынша порттан шыққан болса, шығуды ресімдеу талап етілмейді. Осындай кеменің капитаны, егер мүмкін болған жағдайда Порттың теңіз әкімшілігіне өзінің қолында бар барлық құралдармен шығатыны туралы хабардар етеді.

72. Шығуға арналған рұқсат 24 сағат ішінде күшінде болады, ол телефон бойынша немесе ультрақысқа толқынды радиобайланыста беріледі.

73. Портта кемені белгіленген мерзімнен артық кідірген жағдайда кеме капитаны бұл туралы Порттың теңіз әкімшілігіне хабарлайды және шығуды қайтадан ресімдейді.

74. Шығуды ресімдеуден кейін экипаж құрамында немесе кеменің техникалық жай-күйінде өзгерістер болған жағдайда капитан бұл жөнінде Порттың теңіз әкімшілігіне хабарлайды және шығуды қайтадан ресімдейді.

74-1. Осы Қағиданың 64-1-тармағында көзделген жағдайларда, кеменің портқа кіру мүмкіндігі болмаған кезде кеменің шығуын ресімдеу порттың сыртқы рейдінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 74-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Кемелердің портта тұру тәртібі

§ 1. Кемелердің рейдте тұруы

75. Егер портта КҚБҚ болмаса, кемелерді зәкірге қою немесе тұру орнын өзгерту әрбір жағдайда Порттың теңіз әкімшілігінің рұқсатымен (нұсқауымен) орындалады, ол жөнінде капитан порттың кезекші диспетчеріне хабарлап отырады.

76. Кемелерде және өзге де жүзу құралдарында КҚАХЕ-72 ережесінде көзделгендерден басқа навигациялық белгі болып көрінуі мүмкін оттарды көтеруге рұқсат етілмейді.

77. Зәкірде тұрған кемелер ультрақысқа толқынды радиобайланыста радиовахтаны атқарады, арнасы 16 (156,8 МГц).

78. Тәуліктің қараңғы мезгілінде зәкірде тұрған кемеде штаттық сыртқы жарықтандыру қосылады.

79. КҚАХЕ-72 көзделген оттар мен белгілерден басқа артқы жағында зәкірмен (верптермен) бекітіліп, рейдте тұрған кеме тәуліктің қараңғы мезгілінде ақ от, ал күндіз кемеңің артқы жағында борт биіктігінің жарымына дейін зәкір шынжырының қасында төмен түсірілген қызыл ту бекітіледі.

80. Катерлер мен шлюпкаларды суға түсіру Порттың теңіз әкімшілігінің рұқсатымен ғана жүргізіледі.

Осы талап суға батқандарға көмек көрсету және авариялық-құтқару жұмыстарын орындау үшін кемедегі жүзу құралдарын жедел пайдалану қажет болған жағдайға жатпайды.

§ 2. Айлақтарды кемелерді арқандап байлауға дайындау

81. Айлақ иесі кемелердің кіруі мен шығуына айлақ дайындығын қамтамасыз етеді.

82. Айлақтарды дайындаған кезде:

1) кіретін кемеңің арқандап байлау үшін айлақтың жеткілікті бос ұзындығы қамтамасыз етіледі;

2) қалыпты арқандап байлауға (арқаннан босатуға) кедергі болатын жүктер мен басқа заттардан айлақ кордоны босатылады;

3) арқандау (арқаннан босатуға) бойынша жұмыстар жүргізілетін айлақтың кордон маңының бөлігі мұз бен қардан тазартылады және барлық ұзындығы бойына құм шашылады;

4) Порт бастығы бекіткен сызба бойынша кордон маңының крандары шығарылады;

5) арқандап байлау айлағында барлық көлік түрлерінің жұмыстары мен қозғалысы тоқтатылады;

6) тәуліктің қараңғы уақытында айлақтың толық жарықтандыру жүйесі

қосылады. Кемеңің арқандап байланатын орны, яғни форштевтің тұрған жерін айлақ иесінің өкілі былай көрсетеді: күндіз - қызыл тумен, түнде - қызыл отпен.

83. Кеме капитаны арқандап байлауға дейін порт диспетчерінен немесе лоцманнан айлақтың жай-күйі, бос кіреберіс өлшемі туралы, айлаққа кіреберістегі және оның бойындағы тереңдік туралы ақпарат алады.

§ 3. Кемелерді арқандап байлау

84. Кемеңің айлаққа арқандап байлау үшін айлақ иесі осы Қағидаға б-қосымшада көрсетілген есепті негізге алып саны кемеңің жалпы сыйымдылығына байланысты болатын арқандап байлаушыларды бөледі.

Кемеңің айлақта тұрған кеме бортына арқандап байлау кезінде соңғысы өз экипажының күшімен өз бортының кранцты қорғалуын қамтамасыз етеді және кемеге лақтыратын арқан ұштарын қағып алады. Жағалаудағы арқан ұштарын қағып алуды айлақ иесі қамтамасыз етеді.

85. Шағын көлемді кеме айлаққа Порттың теңіз әкімшілігінің және диспетчерінің рұқсатымен ғана арқандап байланады.

§ 4. Кемелердің айлақта тұруы

86. Кемелерді айлақ жанында орналастыру порт диспетчерлері Порттың теңіз әкімшілігі кезекші инспекторының келісімі бойынша, ал бортта жарылу қаупі бар немесе жеңіл тұтанатын жүктер болса порттың өртті қадағалау кезекші инспекторының келісімі бойынша жүзеге асырылады. Кемелер арасындағы қашықтық кемінде 10 метр болады.

87. Кемелер мен порттық жүзбелі құралдарды өрт пирстеріне қоюға рұқсат етілмейді.

88. Айлақ жанында борты бортына тіреліп (лагымен) тұратын кемелердің жеткілікті саны әрбір нақты жағдайда порт бойынша міндетті қаулылармен белгіленеді.

Осындай тұруға екі кемеңің капитандары келіскен кезде өндірістік қажеттілік жағдайларында порт капитаны рұқсат береді.

89. Бункерден бункерге тіркеп сүйрейтін кемелерді жіберу операцияларын қоспағанда, біреуінің бортында жарылыс қаупі немесе жеңіл тұтанатын жүктері бар, бір-біріне лагымен арқандап байланған екі кемеңің тұруына рұқсат етілмейді.

90. Айлақ жанында арқандап байланған кемеңің капитаны су бетінің, айлақ пен су түбінің ластануы мен қоқыстануын болдырмау, сондай-ақ траптар

ауданындағы жерлерді қар мен кірден тұрақты тазалауды ұйымдастыру үшін барлық шараларды қабылдайды.

91. Порт кемеде жиналған ластанған сулардың және тұрмыстық қалдықтардың кез келген түрін қабылдауды қамтамасыз етеді.

92. Қатты ажыратылған мұнай өнімдерінің қалдықтары, майланған шүберектер, қоқыс, ұсақ ыдыстар, техникалық, тағам және басқа тұрмыстық қалдықтар өтінім бойынша кемеден порт ұсынған арнайы ыдыспен шығарылады.

93. Портта айлақ маңында тұрған кемеде салқындату суының құю шпигаттарын арнайы қалқандарымен жабу, ал борт сыртына шығарылатын пайдаланылған буларды қосымша құбырлармен суға жіберу қажет. Қалқандар кеме айлаққа келгенге дейін орнатылады.

94. Айлаққа кемеден берілетін түскіштер мен траптар берік бекітіледі және тұтқалармен немесе леерлермен, басқыштар ауданында жібі кемінде 30 м болатын құтқару шеңберімен жабдықталады.

Траптар мен басқыштар алаңшаларында адамдардың суға құлауын болдырмайтын қоршағыш торлар тартылады. Тәуліктің қараңғы уақытында траптар (басқыштар) жарықтандырылады.

95. Кеме жөндеу зауытының капитаны жөнделетін кемелер мен жүзу құралдарының қауіпсіз тұруын ұйымдастырады.

96. Айлақта тұрған кемеде тәуліктің қараңғы уақытында сыртқы жарықтандыру, сондай-ақ КҚАХЕ-72 30-ережесіне сәйкес оттар қосылады.

Сұйық отыны бар танкер мен бункерлеуші, егер оның жүк танкері жүк қалдығы мен газдан тазаланбаса, жоғарыда аталған оттардан басқа, бүкіл көкжиектен көрінетін, кемінде 2 миль көріну ұзақтығымен, неғұрлым көрінетін жерді бір қызыл от, ал осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес күндіз - Халықаралық сигналдар жинағы бойынша В (Браво) туын көтереді.

97. Айлақта тұрған кемеде оның мөлшері мен ведомстволық тиесілігіне қарамастан басқыш алдында вахта (кезекші) қойылады.

Вахталық қызмет Порттың теңіз әкімшілігі телефондарының нөмірлерімен қамтамасыз етіледі.

98. Айлақта арқандалған кеме, егер абонентпен жағалаулық телефон желісімен байланысу мүмкін болмаса, спутниктік немесе ультрақысқа толқын радиобайланысын пайдаланады.

99. Бас қозғалтқыштардың, руль, зәкір және арқанды қондырғылардың істен шығуына байланысты кеме жұмыстары, сондай-ақ борт сыртында шлюпкадан немесе басқа жүзу құралдарынан істелетін жұмыстар тек порт капитанының жазбаша рұқсатымен орындалады.

100. Авариялық кемеге жақын тұрған немесе оның жанынан өтетін кемелер адамдарды, кемені, жүк және басқа мүліктерді құтқару жөнінде шаралар

кабылдайды. Бұл іс-қимылдарды құтқару үйлестіруші орталығы, ал ондай болмаған жағдайда Порт теңіз әкімшілігінің кезекші инспекторы үйлестіреді.

101. Экипаждың оларда тұрақты болуы үшін бейімделмеген шағын көлемді кемелердің иелері кемелердің тәулік бойғы күзеті мен олардың тұрағын қадағалауды қамтамасыз етеді.

102. Жүк операциялары кезінде кемеңің 5⁰ аспайтын бір жағына қисаюына рұқсат етіледі. Жүк жұмыстары әрбір қайта тиеу тетіктері үшін паспорт деректеріне сәйкес жел жылдамдығы артық болған кезде жүргізіледі.

Айлақтың жанында тұратын кемелерге борттан тыс жүк крандарын, жебелерді, траптарды, шлюпбалкаларды және кемеде немесе айлақта жүк операцияларына кедергі жасайтын басқа да заттарды ұстауға тыйым салынады.

§ 5. Тұру орнын ауыстыру

103. Тұру орнын алдағы ауыстыру туралы кезекші диспетчер кеме капитанына жұмыс уақытында, егер порттағы міндетті қаулыларда өзге мерзімдер белгіленбесе 2 сағаттан кешіктірмей хабарлайды.

104. Кеме орнын ауыстырған және басқа кемеңің бортына үстінен арқандап байланған жағдайда, онда соңғы кеме бұл жөнінде ауысу басталарға дейін кемінде 1 сағат бұрын ескертіледі.

105. Кемеңің бір айлақтан басқасына ауыстыру немесе оны айлақтан рейдке апару кемеде капитан немесе кеме капитанының аға көмекшісі болған кезде жүргізіледі.

106. Айлақ бойы кемеңің алдағы қайта тарту жағдайында, оған басқа кемедең әкелінген арқандар, бұл жөнінде басқа кеме капитанының вахта көмекшісіне хабарланғаннан кейін беріледі. Егер арқандарды беру кезінде олар басқа кеме арқандарымен қыстырылып қалса, басқа кемеңің вахта қызметі өзіңің байлау арқандарын осы уақытқа босатады.

§ 6. Дауыл кезіндегі іс-қимылдар

107. Порттың теңіз әкімшілігі ауа райының күрт бұзылатыны туралы деректер алысымен порт акваториясындағы кеме иелеріңің диспетчерлік қызметіне және порт айлақтарында тұрған барлық кемелердің капитандарына жедел хабарлайды.

108. Кеме капитаны дауыл туралы ескерту алған кезде немесе ауа райы нашарлауының анық белгілері болған кезде кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

109. Порт капитаны дауыл туралы ескерту алысымен порттың диспетчерлік қызметіне дауыл кезінде порттан шығуы тиіс кемелердің тізімін, сондай-ақ портта қалатын кемелердің қолайлы жабық жерлерде орналасуын ескере отырып, тұруға көшуін хабарлайды. Бір мезгілде кеме капитандарына, Порттың теңіз әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне және диспетчерлік қызметке портта қалған кемелер мен жүзу құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қажетті іс-шаралар жүргізу туралы нұсқаулар береді.

§ 7. Қыстау және портта қазықта тұру

110. Кеме иесінің немесе кеме капитанының өтініші бойынша кемең қысқы тұру, жөндеуге немесе қазықта тұру мүмкіндігі туралы шешімді әрбір жағдайда порт басшысы қабылдайды, онда әрбір кеме бойынша мыналар көрсетіледі:

- 1) үлгісі, атауы, тіркеу нөмірі, ұзындығы, ені және шөгуі;
- 2) тіркелген порты;
- 3) портта қалаған тұру орны;
- 4) капитанның немесе жауапты адамның тегі;
- 5) кемеде қыстап қалатын экипаж мүшелерінің немесе кемеде тұратын күзетшінің тектері;
- б) команданың (күзетшілердің) вахта қызметін жүргізу тәртібі мен кезекшілік кестесі;
- 7) кеме иесі мен капитанның мекенжайлары;
- 8) кемелерді орналастыру сызбасы.

Өтінішке кемеде өртке қарсы іс-шаралар жүргізілгені туралы порттың өрт сөндіру күзетінің қорытындысы қоса беріледі.

Бірнеше кемелер қыстаған кезде кеме иесі керуен қалыптастырады, керуеннің барлық кемелерінің тұру қауіпсіздігіне жауапты керуен капитанын тағайындайды.

111. Кеме капитаны қыстау портынан шыққан жағдайда, ол жоқ кезеңде кемеге және экипажға жауапты адам туралы порт капитанын хабардар етеді.

112. Қыстауға қойылған кемелерде кеме иесі әзірлеген, бекіткен және Порттың теңіз әкімшілігімен келісілген кемең тұрақта тұруы кезеңінде кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары болады.

113. Құйылма кемелерін тұраққа қою алдында танкілер мен сорғы бөлімшелерін толық тазалау және газдарынан желдету орындалады.

114. Қыстайтын кемеде сұйық отын қоры порттың өрттен сақтандыру күзетінің рұқсатымен ғана қалдырылады.

115. Тұру кезінде кемелер порттың өрттен сақтандыру күзетімен және

Порттың теңіз әкімшілігімен байланыспен қамтамасыз етіледі.

5. Кемелер жүзген және тұрған кезде порт акваториясындағы құрылыстардың қауіпсіздігі және сақталуы

116. Порт айлағында бұрмалармен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді. Теңізге шығар алдында қозғалтқышты дайындау кезінде сақтық шараларын сақтай отырып, бұрманы қысқа уақытқа бұруға рұқсат етіледі.

117. Катерлерден, шлюпкалардан және салдардан:

- 1) кеме қатынасы фарватерлерінде және арналарда;
- 2) кемелер жүзуі мен тұруына арналған рейдтер мен плестерде;
- 3) өнеркәсіп кәсіпорындарының айдыны шегінде, порттың жүк аудандары мен күзет айлақтарында балық аулауға рұқсат етілмейді.

Сонымен қатар кемелер тұруға арналған айлақтардан, пристандардан және басқа құрылыстардан балық аулау жүргізілмейді.

118. Өнеркәсіптік балық аулауға арналған балық аулау жарақтарын қою орны және оларды қалқымалы ескерту белгілерімен қоршау порт капитанымен келісіледі.

119. Навигациялық жабдықтардың жағалаудағы және жүзбелі құралдары навигация кезінде оларды ауыстырған кезде алынады (сөндіріледі).

120. Порт капитанының және навигациялық жабдық құралдары иелігіндегі ұйымының рұқсатынсыз портқа (арнаға) кіреберістерде және портта:

- 1) қандай да бір навигациялық жабдық құралдарын орнатуға;
- 2) жарық шығару жағалаулық және жүзбелі навигациялық жабдық құралдарының іс-қимылы аймағында қандай да бір оттарды орнатуға;
- 3) тарту және порт навигациялық белгілерінің іс-қимылы аймағында жүк ж и н а п қ о ю ф а ;

4) навигациялық жабдық құралдарының көрінуін нашарлатуы мүмкін кез келген құрылыстар салуға рұқсат етілмейді.

121. Навигациялық жабдық құралдарының көрінуін жабатын өсіп тұрған ағаштар мен бұтақтар мерзімділікпен шабылуға жатады.

122. Портта көпір, әуе кабельдері өткелдерін, байланыс және электр беру желілерін орнату және салу, құбырларды салу және басқа жұмыстар, сондай-ақ радиожүйе салу Порттың теңіз әкімшілігімен келісім бойынша жүргізіледі.

123. Жүзбелі маяктарға, буйларға және басқа жүзбелі навигациялық жабдық құралдарына жақындауға және арқанмен байлануға рұқсат етілмейді.

124. Навигациялық жабдық құралдарының бүлінгенін немесе штаттық орнынан ауысқанын байқаған адамдар бұл жөнінде Порттың теңіз әкімшілігіне

х а б а р л а й д ы .

125. Электр желісіне, телефон жүйесіне, сондай-ақ порттың су немесе жылу беру жүйесіне қосу Порттың теңіз әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

126. Жөндеу үшін және басқа қажеттіліктер бойынша айлақтарға немесе жағалауға кез келген жүзбелі құралдарын шығару және орнату Порттың теңіз әкімшілігінің рұқсатымен жүргізіледі.

127. Порттың және порт маңының аймағы аумағында ғимараттарға, қоймаларға, құрылыстар мен қондырғыларға иелік ететін немесе оларды өзге де заңды негізде пайдалатын ұйымдар оларды және оларға жапсарлас аумақты Порттың теңіз әкімшілігінің, порттың өрт сөндіру өрт күзетінің және санитарлық-карантин қызметінің талаптарына сәйкес жай-күйде ұстауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

128. Порттағы кемелерде сырлау жұмыстарын жүргізу Порттың теңіз әкімшілігінің келісімі бойынша орындалады.

129. Портта өрт қауіпсіздігі арнайы ережелермен реттеледі.

130. Портта өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өрт-техникалық қызметі (инспекциясы) өкілдерінің талаптарын барлық кемелер мен жағалаудағы ұ й ы м д а р о р ы н д а й д ы .

131. Басқа кемеден немесе порттан өртті байқаған кеме дабыл сигналын береді, ол туралы порттың өрт сөндіру қызметіне және Порттың теңіз әкімшілігіне жедел хабарлайды және өрт сөндіруді басқаруды жүзеге асыратын адамның нұсқауы бойынша өрт сөндіруге қатысады.

132. Портта немесе кемеден шыққан өртті сөндіру үшін Порттың теңіз әкімшілігі порттағы адамдарды немесе кез келген ұйымдар мен кемелердің өрт сөндіру құралдарын қатыстырады.

133. Портта қандай да бір объектіде шыққан өртті сөндіруге порттың (қаланың) өрт сөндіру командасы келгенге дейін адамдарды және материалдық құндылықтарды эвакуациялауға басшылық етуді авариялық объектінің бастығы жү з е г е а с ы р а д ы .

134. Өрт болған жерге өрт сөндіру күзеті өкілдері келгенде өрт сөндіруді басқаруды аға өрт сөндіру бастығы өзіне алады. Өрт сөндіруді басқарған авариялық объектінің бастығы оған өрт көзі, оны жою жөнінде қабылданған шаралар, сондай-ақ үй-жайлардағы өрт сөндірумен айналысқан адамдардың саны туралы барлық қажетті мәліметтерді хабарлайды.

135. Кемеден өрт шыққан кезде өрт сөндіру кеме экипаждары мен жағалаудағы өрт сөндіру күзеті бөлімшелерінің өзара әрекетімен ұйымдастырылады.

136. Порттың барлық ғимараттарына, құрылыстарына және объектілеріне еркін кіру қамтамасыз етіледі. Кірме жолдардың қоқыстануына және оны қоймалау мақсаты үшін пайдалануға жол берілмейді.

137. Кемелер тұрған жерлердегі пристер мен айлақтар халықаралық үлгідегі " жағалау" жарамды өтпелі жалғағыштармен жабдықталады, олар оған өрт туындаған жағдайда су беру үшін халықаралық үлгідегі "кеме" кемелік өтпелі жалғағышты қосуға мүмкіндік береді.

138. Кемелер мұнай айлақтары ауданында және танкерлер тұратын жерлерде тұрған кезде ұшқын сөндіргіш қорғанышпен қамтамасыз етіледі.

139. Өрт қаупі бар жүктермен операциялар орындайтын кемелер тұрағына 100 метрден жақын жерде от қолдануға және ашық от жағуға байланысты жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді.

140. Бункерлейтін немесе бункерленетін кемеде өртке қарсы іс-шаралары жүргізілмеген жағдайда, сұйық отыны бар кемемені бункерлеуге рұқсат етілмейді.

141. Найзағай болған кезде құйылма және ыдыстағы мұнай өнімдерін тиіп-түсіру жүргізілмейді. Найзағай болған кезде танкерлер мен газ өткізу құбырлары жабылады.

142. Танкерді тіркеп сүйреген кезде тіркеп сүйрететін кемедегі өртке қарсы сақтық режимі тіркеп сүйретілетін кемедегідей сақталады.

143. Өздігінен жүрмейтін мұнай құю баржасынан мұнай базасына немесе кемеге мұнай өнімдерін құйған кезде осы баржаға жақын жерде оны (кеме) мұнай базасынан дереу әкетуге дайын тіркеп сүйрейтін кеме тұрады.

144. Портта құрылыс және өзге жұмыстарды жүргізген, олар туралы мәліметтер басшылық құжаттар мен карталарда көрсетілетін қажет ұйымдар мен адамдар порт капитанына навигациялық әдістемелерді кейіннен түзету үшін қажетті материалдар ұсынады.

145. Жұмыс ауданындағы навигациялық қоршауды осы жұмыстарды жүргізуге мүдделі, тапсырыс беруші ұйымның есебінен портта навигациялық жағдайды қамтамасыз ететін ұйым жүргізеді.

146. Порт капитаны теңізде жүзушілерді уақтылы хабардар ету үшін навигациялық жағдайдың өзгергені туралы Қазақстан Республиканың Гидрографиялық қызметінің жергілікті органдарына хабарлайды.

147. Гидротехникалық құрылысқа зақым келтірген кеме капитаны бұл тұрақ туралы Порттың теңіз әкімшілігіне жедел хабарлайды.

148. Портта сүңгуір жұмыстары тәуліктің күндізгі уақытында және капитанның рұқсатымен ғана жүргізіледі.

149. Сүңгуір жұмыстарын жүргізетін орыннан өткен кезде барлық кемелер, катерлер мен шлюпкалар күні алдын ала рұқсат етілетін шекке дейін жылдамдықты азайтады және аса сақтықты сақтайды.

Сүңгуір жұмыстары жүргізілетін жерде зәкір тастауға рұқсат етілмейді.

150. Порттағы сүңгуір жұмыстары жүргізілетін ауданда кемелерді қайта орналастыру жағдайында кезекші диспетчер сүңгуір жұмыстарымен айналысқан

кемені ол туралы 1 сағаттан кешіктірмей ескертеді.

Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасына 1-қосымша

Түзетулерді есепке алу парағы

Кітап хабарлама заманғы	теңізде бойынша деңгейге	жүзушілерге қазіргі келтірілген	Орындаушының қолы мен түзету жасалған күн
Теңізде жүзушілерге хабарламаның атауы мен шығу нөмірі	Теңізде жүзушілерге хабарламаны шығару күні		

Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасына 2-қосымша

Портқа кемелердің кіруі мен порттан шығуын реттейтін сигналдар

Сигнал №	С и г н а л т ү р і		С и г н а л м ә н і
	К ү н д і з	Т ү н д е	
1 .	Бірінің үстіне бірі орналасқан үш кара шар	Бірінің үстіне бірі орналасқан үш қызыл от	Айтарлықтай оқиғалар жағдайында (мысалы фарватердің жабылуы және т.б.) кіруге мүлдем тыйым салынады
2 .	Екі кара шар арасында төбесі жоғары қарай тігінен орналасқан кара конус	Тігінен қызыл оттар арасында орналасқан ақ от	Портты пайдаланудың қалыпты жағдайлары кезінде кіруге тыйым салу (мысалы фарватерге порттан шығатын кемелерге ғана рұқсат етіледі)
3 .	Төбесі төменге қараған конус, оның астында ұшы жоғары қараған кара конус, осы конустың астында кара шар	Жоғарыдан төмен тігінен: жасыл от, ақ от, қызыл от	Портты пайдаланудың қалыпты жағдайлары кезінде кіруге және шығуға тыйым салу (мысалы, жер қазу керуенінің, кабель кемесінің жұмысы кезінде және т.б.)
4 .	Төбесі төменге тігінен қараған кара конустар арасындағы төбесі жоғары қараған кара конус	Жоғарыдан төмен тігінен: жасылот, ақ от, жасыл от	Портты пайдаланудың қалыпты жағдайлары кезінде кіруге тыйым салу (мысалы, фарватерге портқа кіретін кемелер ғана жіберіледі)

5 .	Тігінен жоғары караған ортасында кара шары бар екі кара цилиндр	Ортасында қызыл оты бар екі ақ от	Гавандар мен рейдтер бойынша шағын өлшемді корабльдермен, катерлермен және шлюпкалармен қозғалуға тыйым салынады
-----	---	-----------------------------------	--

Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасына 3-қосымша

Брандвахталық посттар мен корабльдердің сигналдары

Корабльдердің, брандвахталардың немесе жағалаудағы постылардың кемелерге жүзу режимі туралы хабарлау жүзеге асырылатын айырмашылық белгілері мыналар болып табылады:

күндіз - үш бұрышты көк ту;

түнде - гафельде көтерілетін, тігінен орналасқан үш көк от.

Егер осы ауданға кіру немесе онда жүзу тоқтатылған жағдайда, корабль, брандвахта немесе жағалаудағы пост жоғарыда аталған айырмашылық белгілеріне қосымша мыналар көтеріледі:

күндіз - тігінен орналасқан үш кара шар;

түнде - тігінен орналасқан үш қызыл от.

Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасына 4-қосымша

Мұзжарғыштар мен алып өткізілетін кемелер арасындағы байланыс үшін қолданылатын халықаралық сигналдар

Сигнал нөмірі	Сигнал	С и г н а л м ә н і	
		мұзжарғыштан	өткізілетін кемеден (л е р д е н)
1	2	3	4
1	A (Альфа) .	Алға жүріңіз (мұз арнасы бойынша жүріңіз)	Мен алға жүремін (мұз арнасы бойынша жүремін)
2	G (Гольф) -	Мен алға жүремін, соңымнан жүріңіз	Мен алға жүремін, соңымнан жүремін

3	J (Джулиэт)	Соңымнан жүрмеңіз (мұз арнасы бойынша жүріңіз)	Мен соңынан жүрмеймін (мұз арнасы бойынша жүремін)
4	P (Папа)	Жүрісті азайтыңыз	Мен жүрісті азайтамын
5	N (Новэмбер)	Қозғағышты тоқтатыңыз	Мен қозғағышты тоқтатамын
6	H (Хотел)	Қозғағышқа кері жүріс беріңіз	Қозғағышқа кері жүріс беремін
7	L (Лима)	Кемені дереу тоқтатыңыз	Мен кемені тоқтатамын
8	4 (Картэфоур)	Токта. Мен мұзда тұрып қалдым	Токта. Мен мұзда тұрып қалдым
9	Q (Кэбэк)	Кемелер арасындағы қашықтықты қысқартыңыз	Мен қашықтықты қысқартамын
10	B (Браво)	Кемелер арасындағы қашықтықты ұлғайтыңыз	Мен қашықтықты ұлғайтамын
11	5 (Пантафайв)	Назар аударыңыз	Назар аударыңыз
12	Y (Янки)	Тіркеп сүйреуді қабылдауға (жіберуге) дайындалыңыз	Тіркеп сүйреуді қабылдауға (жіберуге) дайынмын

Ескертпе:

4. Дыбыстық немесе жарықтық құралдармен К (Кило) (- . -) сигналын кемелерге радиосигналдарға үздіксіз бақылау жүргізу міндетін еске алу үшін мұзжарғыш пайдалануы мүмкін.

2. Егер бір кемеден көп алып өтілетін болса, онда кемелер арасындағы қашықтық мүмкіндігінше тұрақты ұсталады: ол үшін өз кеменің және алда келе жатқан кеменің жылдамдығын бақылау қажет. Егер өз кеменің жылдамдығы азайған болса, онда артта келе жатқан кемеге назар аудару сигналын беру қажет.

3. Осы сигналдарды пайдалану Кемелердің теңізде соқтығысуының алдын алу халықаралық ережелерін орындаудан ешқандай кемеңі босатпайды.

4. Мұзжарғыштан берілген (.. -..) сигналы "Алға жылжуды тоқтатыңыз" дегенді білдіреді және мұзжарғыштың алдындағы және оған жақындаған немесе алыстаған мұздық арнадағы кемеге ғана беріледі. Кемеден мұзжарғышқа берілген осы бір (.. -..) сигнал "Мен алға жүруді тоқтаттым" дегенді білдіреді. Көрсетілген сигнал радио арқылы берілмейді.

Қазақстан Республикасының
теңіз порттарында және оларға
кіреберістерде кемелердің
жүзу және тұрақта тұру
қағидасына 5-қосымша

Мұз операциялары үдерісіне пайдаланылуы мүмкін қосымша сигналдар

№	Сигнал	С и г н а л м ә н і
1	* E (Эко).	Мен бағытымды оңға өзгертемін
2	* I (Индиа)..	Мен өз бағытымды солға өзгертемін
3	* S (Сизра) ...	Менің қозғағыштарым кері жүріске жұмыс істейді
4	*M (Майк) --	Менің кемем тоқтатылды және суға қатысты жүрісі жоқ

Ескертпе: Жұлдызшамен (*) белгіленген сигналдар, оларды дыбыс ретінде бергенде Кемелердің теңізде соқтығысуының алдын алу халықаралық ережелеріне сәйкес қана қолданылуы мүмкін.

Мұзжарғыш пен өткізілетін кемелер алмасатын бір әріпті сигналдар осы кестеде аталған мәнді білдіреді және тек дыбыс пен көру сигналдары арқылы немесе радио арқылы берілуі тиіс. Мұздан өткізу кезінде жоғарыдағы бір әріпті сигналдардан басқа қосымша екі әріпті сигналдар да қолданылуы мүмкін:

(Уиски Майк) - Мұздан өткізу қазір басталды. Мұзжарғыштар мен өткізілетін кемелер арасындағы байланыс үшін арнайы сигналдарды пайдаланыңыздар және дыбыс, көру және радиосигналдарды бақылауды үздіксіз жүргізіңіздер.

(Уиски Ооска) жүріңіз - Мұздан өткізу аяқталды. Алған бағытыңызға жүріңіз.

Қазақстан Республикасының
теңіз порттарында және оларға

Кемені айлаққа арқандап байлау үшін арқандап байлаушылардың қажетті саны

№	Кеме сыйымдылығы (тіркелімдік тоннамен)	Арқандап байлаушылар саны
1	3 0 0 д е й і н	1
2	3 0 0 -ден 1 5 0 0 дейін	2
3	1 5 0 0 -ден 2 5 0 0 дейін	3
4	2 5 0 0 -ден 5 0 0 0 дейін	4
5	5 0 0 0 -нан 1 0 0 0 0 дейін	6
6	1 0 0 0 0 -нан 2 0 0 0 0 дейін	8
7	2 0 0 0 0 а р т ы қ	1 0